

**Уәлиханов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 5-49 с "2020-2022 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 27 наурыздағы № 3-52 с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 наурызда № 6129 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Уәлиханов аудандық мәслихатының "2020-2022 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 5-49 с шешіміне (2020 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5934 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 34953 мың теңге:
  - салықтық түсімдер - 1208 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер - 116 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;
  - трансферттер түсімі – 33629 мың теңге;
- 2) шығындар – 34953 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:
  - бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге;
  - қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 мың теңге;  
 қарыздар түсімі - 0 мың теңге;  
 қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;  
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық  
 мәслихаты сессиясының  
 төрағасы

М.Балтабаев

Уәлиханов аудандық  
 мәслихатының хатшысы

Б.Кәдіров

Уәлиханов аудандық мәслихатының 2020  
 жылғы 27 наурызы № 3-52 с шешіміне қосымша  
 Уәлиханов аудандық мәслихатының 2020  
 жылғы 8 қаңтардағы №5-49 с шешіміне 1-  
 қосымша

## 2020 жылға арналған Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы	Кіші сыныбы		
1		2	3
		1) Кірістер	34953
1		Салықтық түсімдер	1208
	04	Меншікке салынатын салықтар	1208
	1	Мүлікке салынатын салықтар	60
	3	Жер салығы	123
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1025
2		Салықтық емес түсімдер	116
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	116
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	116
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттер түсімі	33629
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	33629
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	33629
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	Сомасы , мың теңге
	Бағдарлама		
1		2	3

		2) Шығындар	34953
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	13536
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13536
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13536
07		Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	1458
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1458
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	700
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	758
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік.	16584
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	16584
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	16584
12		Көлік және коммуникация	500
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	500
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	500
13		Басқалар	2875
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2875
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	2875
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
Санаты			Сомасы , мың теңге
	Сыныбы	Атауы	
	Кіші сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	0
7		Қарыздар түсімі	0
Функционалдық топ			Сомасы , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	
	Бағдарлама		
16		Қарыздарды өтеу	0

Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК